

Қызылорда облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Қаулы 22.10.2025 № 201, Қызылорда облысының әкімдігі

Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 27 және 85-баптарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын белгілеу Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 120-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36238 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 10 шілдедегі № 01-04-21-03/8192 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысының су қорғау аймақтары мен белдеулері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Қызылорда облысының су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдаланудың режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
3. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын.
4. "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қазандағы
№ 201 қаулысына 1-қосымша

Қызылорда облысының су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектілерінің атауы	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Су қорғау аймағы мен белдеуінің көлемі, гектар	Су қорғау аймағының ені, метр	Су қорғау белдеуінің ені, метр
1	Сырдария өзені	Сырдария ауданы	6962,5	500	100
2	Сырдария өзені	Шиелі ауданы	25979,9	500	100

3	Сырдария өзені	Арал ауданы	29606,17	1000	100
4	Сырдария өзені	Қазалы ауданы	41790,54	1000	100
5	Сырдария өзені	Қармақшы ауданы	54350,27	1000	100
6	Сырдария өзені	Жаңақорған ауданы	17503,46	500	35
7	Сырдария өзені	Жалағаш ауданы	6293,91	500	35
8	Сырдария өзені	Қызылорда қаласы	18336	43-569	35
9	Арал теңізі	Арал ауданы Бөген ауылдық округі	31266,300	500	35
10	Қарашалаң көлі	Арал ауданы Бөген ауылдық округі	3410,42	500	35
11	Жалаңаш көлі	Арал ауданы Қосжар ауылдық округі	1594,03	500	35
12	Қаязды - Бидайкөл көлі	Арал ауданы Қосжар ауылдық округі	1182,88	500	35
13	Лайкөл көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	1467,75	500	35
14	Ақшатау - Сорғақ көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	2428,53	500	35
15	Қаракөл көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	1366,05	500	35
16	Суықкөл көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	200,09	500	35
17	Райым көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	725,16	500	35
18	Алашакөл көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	598,68	500	35
19	Шөмішкөл көлі	Арал ауданы Райым ауылдық округі	638,56	500	35
20	Құмкөл көлі	Қазалы ауданы Әйтеке би кенті	246,11	500	35
21	Қотанкөл көлі	Қазалы ауданы Майдакөл ауылдық округі	2047,04	500	35

22	Ақкөл көлі	Қазалы ауданы Тасарық ауылдық округі	852,37	500	35
23	Ащыкөл көлі	Қазалы ауданы Арықбалық ауылдық округі	371,66	500	35
24	Қаракөл көлі	Қазалы ауданы Қызылқұм ауылдық округі	455,96	500	35
25	Қуандария көлі	Қазалы ауданы Тасарық және Сарыбұлақ ауылдық округтері	15371,106	500	35
26	Қалғандария көлі	Сырдария ауданы А. Токмағанбетов ауылдық округі	262,52	500	35
27	Таушұқырой көлі	Шиелі ауданы Телікөл ауылдық округі	401,4	500	35
28	Алабие көлі	Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округі	1599,2	500	35
29	Үлкен барша көлі	Шиелі ауданы Бәйгеқұм ауылдық округі	439,4	500	35
30	Ханқожа көлі	Шиелі ауданы Жөлек ауылдық округі	4130,1	500	35
31	Қараөзек арнасы	Қызылорда облысы Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандары	17200,3	500	35
32	Қалғандария – 200 көлі	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы	341,9	500	35
33	Иіркөл көлі	Қызылорда қаласы	393,243	500	35
34	Сасықкөл көлі	Қызылорда қаласы	390,503	500	35
35	Иіркөл көлі (Прудхоз)	Қызылорда қаласы	482,587	500	35
36	Жарықкөл көлі	Арал ауданы	3476,122	500	35
37	Тұщыкөл көлі	Арал ауданы	3846,711	500	35
38	Домалақкөл көлі	Арал ауданы	385,083	500	35

39	Мариямкөл көлі	Қазалы ауданы	1988,134	500	35
40	Томайкөл көлі	Қазалы ауданы	852,9	500	35
41	Жанай №1 көлі	Қазалы ауданы	347,801	500	35
42	9-Құдық-Өлтәй көлі	Қармақшы ауданы	1748,243	500	35
43	Таскөл көлі	Қармақшы ауданы	536,352	500	35
44	Лайкөл көлі	Қармақшы ауданы	591,576	500	35
45	Меңей көлі	Қармақшы ауданы	269,977	500	35
46	Иіркөл көлі	Жалағаш ауданы	546,647	500	35
47	Бәйбіше көлі	Жалағаш ауданы	539,992	500	35
48	Қаракөл көлі	Жалағаш ауданы	72,078	300	35
49	Серкеш көлі	Жалағаш ауданы	574,641	500	35
50	Қазымбет көлі	Сырдария ауданы	757,487	500	35
51	Қаракөл көлі	Сырдария ауданы	440,932	500	35
52	Байсары көлі	Сырдария ауданы	303,621	500	35
53	Итатқан көлі	Шиелі ауданы	317,505	500	35
54	Домалақ көлі	Шиелі ауданы	640,232	500	35
55	Құмшұқырой көлі	Шиелі ауданы	452,728	500	35
56	Өзгент көлі	Жаңақорған ауданы	590,644	500	35
57	Жашыкөл көлі	Жаңақорған ауданы	589,578	500	35
58	Қойлық ата көлі	Жаңақорған ауданы	672,161	500	35

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қазандағы
№ 201 қаулысына 2-қосымша

Қызылорда облысының су қорғау аймақтарын және белдеулерін шаруашылыққа пайдаланудың режимі

1. Жерүсті су объектілерінде:

1) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға;

3) жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға;

4) бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге;

6) бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

7) пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады.

2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар:

1) су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникациялары:

көпірлерді, көпір құрылысжайларын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану;

2) жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру;

3) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді.

3. Су қорғау аймақтары шегінде:

1) жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым

салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі ;

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қазандағы
№ 201 қаулысына 3-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 283 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5340 болып тіркелген).

2. "Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 284 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5341 болып тіркелген).

3. "Қызылорда облысының Жаңақорған және Жалағаш аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 285 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 болып тіркелген).

4. "Қызылорда облысының Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 720 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5758 болып тіркелген).

5. "Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қазандағы № 1247 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6481 болып тіркелген).

6. "Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 18 ақпандағы № 1335 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6702 болып тіркелген).

7. "Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 194 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8139 болып тіркелген).

8. "Қызылорда облысының Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 720 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 96 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8605-11 болып тіркелген).